

## Ұлттық визаға өтініш беру туралы жалпы ақпарат

### Негізгі ақпарат

- Сіз барлық жаднамалар мен формулярларды дипломатиялық өкілдіктерінің виза бөлімшелерінде немесе веб-сайттарында тегін ала аласыз.
- Сапардың қалаған мақсатына қатысты ескертулерге назар аударыңыз.
- Сіздің төлқұжатыңыздың жарамдылық мерзімі жеткілікті болуы керек
- Қосымша ақпаратты [Қазақстандағы неміс өкілдіктерінің веб-сайтынан алуға болады](#)
- Астанадағы елшілігіне [E-Mail](#) арқылы хабарласуға болады. Алматының Бас консулдығына [байланыс формасы](#) арқылы немесе +7 (727) 262 83 41/49 телефоны бойынша (дүйсенбіден бейсенбіге дейін сағат 15:00-ден 16:00-ге дейін) хабарласа аласыз.

### Визаға өтінішті қайда береді

Қай дипломатиялық өкілдіктің әкімшілік ауданы Сіздің өмірлік мүдделеріңіздің орталығы болып табылады (нақты тұрғылықты жеріңіз, жұмысыңыз, оқуыңыз), сол өкілдікте визаға өтініш бересіз:

**Астана қаласындағы елшілігінің аймақтары:** Астана, Қарағанды, Ұлытау (Жезқазған), Абай (Семей), Шығыс Қазақстан (Өскемен), Павлодар, Солтүстік Қазақстан (Петропавл), Ақмола (Көкшетау), Қостанай облыстары.

**Алматы қаласындағы Бас консулдың аймақтары:** Алматы, Шымкент, Алматы облысы (Қонаев), Жетісу облысы (Талдықорған), Жамбыл облысы (Тараз), Түркістан облысы, Қызылорда облысы, Ақтөбе облысы, Маңғыстау облысы (Ақтау), Атырау облысы, Батыс Қазақстан облысы (Орал).

### Визаметрик қызмет көрсететін компаниясымен ынтымақтастық

Алматыдағы Бас консулдық пен Астанадағы Елшілік Visametric компаниясымен бірлесе отырып, университет пен даярлық колледжінің студенттері, тілдік дайындық курстарына қатысушылар, тіл курстарына өтініш берушілер мен қатысушылар үшін ұлттық виза алуға өтініштер қабылдайды. Келесі санаттарға арналған ұлттық визаларға өтініштер: Германияның резиденция заңының §18a және b тармақтарына сәйкес білікті жұмысшылар (білікті кәсіптік білім немесе мойындалған университет дәрежесі), ЕО көк картасы (Германияда тұру туралы заңның §18g), зерттеушілер (§18d, §18d), кәсіби жүргізушілер, тағылымдамадан өтушілер (Германияда тұру туралы заңның §16a 1-тармағы), «au pairs» 2023 жылдың 20 қарашадан бастап Алматыдағы Бас консулдық округінде Visametric компаниясы арқылы қабылданады. Visametric сіздің өтінішіңізді қабылдайды және оны өңдеу үшін елшілікке/бас консулдыққа жібереді.

Визаметрик компаниясының өтініштерді қабылдау туралы толық ақпаратты [осы жерде](#) таба аласыз.

Визаметрик байланыс орталығына +7 (7172) 62 02 03 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Визаметрик қазіргі уақытта дипломатиялық өкілдіктердің бақылауымен Қазақстанда екі өтініш қабылдау орталығын басқарады. Өтінішіңізді Сіздің өмірлік мүдделеріңіздің орталығы болып табылатын әкімшілік аймақтағы қабылдау орталығына тапсыруыңыз керек.

Қызмет көрсету үшін 29,54 еуро алынады (теңгемен төленеді). Сонымен қатар, Визаметрик басқа да қызметтерді ұсынады (биометриялық төлқұжаттың фотосуретін жасау, VIP қызметі және т.б.).

Визаметрик Сізге Елшілік пен Бас консулдың нұсқауларына сәйкес өтініш беру процесі бойынша кеңес беруге уәкілетті. **Компания Сіздің өтінішіңіз бойынша шешім қабылдау процесіне ешқандай әсер етпейді. Дипломатиялық өкілдіктер тек Визаметрик компаниясымен ғана бірге жұмыс істейді.**



### Құжаттарды тапсыру күнін белгілеу

Өтініш тапсыру үшін алдын ала **күн мен уақытты** белгілеуіңіз қажет. Жазылу елшіліктің немесе Бас консулдыңтың веб-сайты арқылы жүргізіледі. [Осы жерде](#) елшіліктің күн мен уақытты белгілейтін жүйесіне кіре аласыз ал [осы жерде](#) Бас консулдыңтың. Кейбір кезеңдерде (әсіресе жаз айларында) құжат тапсыру кезеңіңізді ұзақ күтіп қалуыңыз мүмкін екендігіне назар аударамыз.

Егер Сіз студенттік визаға өтінішіңізді қабылдау орталығына жібергіңіз келсе, Сізге күн мен уақытты белгілеуіңіз қажет. [Осы жерде](#) Визаметриктің күн мен уақытты белгілейтін жүйесіне кіре аласыз.

Германияға шығатын адамдардың барлығын жазуға ұмытпаңыз (кәмелетке толмаған балалармен қоса!). Күн мен уақытты белгілеуі неміс немесе орыс тілдерінде мүмкін және тегін.

### Өтініш тапсыру

Әрбір өтініш беруші өтініш беруге өзі келу міндетті. Бұл кәмелетке толмаған балаларға да қатысты. Белгіленген уақытта келіңіз! Біз кешіктірілген клиенттерді қабылдамауға құқылымыз. Сұхбат кезінде төлқұжаттың түпнұсқасын беру керек, бұл сұхбаттың соңында Сізге қайтарылады. Құжаттарды тапсырғаннан кейін алты таңбалы нөмірі бар түбіртек аласыз. Егер құжаттарды тексеру барысында қосымша құжаттар сұралса, онда құжаттарыңыз тиісті түрде қосылуы үшін, міндетті түрде, істің нөмірін беруіңіз керек.

**Құжаттарды қарастыру кезінде өкілдіктер қосымша құжаттар сұрауға құқылы. Барлық қажетті құжаттар толығымен тапсырылғанша, Сіздің өтінішіңіз қарастырылмайтынына назар аударыңыз.**

### Өтінішті қарастыру мерзімі

Германия өкілдігі өтінішіңізді қарастырады және тиісті шешім қабылдайды. Бұл жағдайда Сіздің өтінішіңіздің құқықтық алғышарттарына сай келетіндігі тексеріледі. Қажет болған жағдайда шешімді қабылдауға Германияның басқа мекемелері тартылуы мүмкін. Сапардың мақсаттарына байланысты құжаттарды қарастыру үш айға дейін, ал кейбір ерекше жағдайларда тіпті ұзағырақ болуы мүмкін.

Сіздің өтінішіңіз бойынша шешім қабылданғаннан кейін, дипломатиялық өкілдік//Визаметрик Сізге хабарласады. Қарастыру кезінде қосымша құжаттар қажет болса да, немесе сұрақтар туындаса да, дипломатиялық өкілдік/Визаметрик Сізге хабарласады. Кейбір жағдайларда қайта сұхбаттасу қажет болуы мүмкін.

Құжаттарды тексеру барысында өтініштің ахуалына қатысты сұрақтарға жауап беру мүмкін емес екеніндігін дұрыс түсінуіңізді өтінеміз.

### Консулдық төлем

Ұлттық визаның төлемдері:

ересектерге: 75 €

кәмелетке толмаған балаларға 37,50 €

Төлем тек қана дипломатиялық өкілдікте өтініш берілген күнгі қолданыстағы курс бойынша қазақстандық теңгемен қолма-қол жасалады. Визалық өтініш қабылданбаған жағдайда, төленген сома **қайтарылмайды**.

Егер өтініш беруші Германия азаматтығы бар жұбайымен немесе кәмелетке толмаған баласымен, немесе кәмелетке толмаған, тұрмыстанбаған бала Германия азаматтығы бар ата-аналарының бірімен қайта қосылса, консулдық төлем алынбайды. Германия азаматтығы және туыстық дәрежесі тиісті құжаттармен көрсетілуі керек.

### Виза жапсыруға төлқұжаттарды қабылдау және қайтарып беру

Визаны алу үшін барлық шарттар толғаннан кейін, өкілдік/Визаметрик Сізге телефон арқылы хабарласады. Кіру визасын алу үшін төлқұжатыңыздың түпнұсқасын, медициналық сақтандырудың түпнұсқасы мен көшірмесін (кем дегенде 30 000 еуро және 90 күн мерзімін, COVID-19 ауруын 30 000 еуромен қосымша қамтитын) тапсыру керек.



Өкілдіктердің расталмаған мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасының азаматтары отбасының қосылуы, некеге тұру немесе қоныс аудару бағдарламасы бойынша шетелге шыққан кезде Қазақстанның шекара қызметтері өтініш берушілердің Қазақстан Республикасы көші-қон полициясы берген шетелге тұрақты тұруға рұқсатын тексереді.

Егер шығуға рұқсат алу үшін көші-қон полициясы дипломатиялық өкілдік берген анықтаманы талап етсе, бұны дипломатиялық өкілдіктен 25 еуро төлеп, ала аласыз (төлем ағымдағы айырбастау курсы бойынша теңгемен жүргізіледі).

Визаны алуға болатыны туралы хабар алғаннан кейін, Сіз алдын ала жазылусыз төлқұжатыңыз бен медициналық сақтандыруды келесі қабылдау уақыттарында тапсырып, және келесі жұмыс күні ала аласыз:

**Астана қаласында:** сәрсенбі және жұма күндері: 11:00-ден 12:00-ге дейін.

**Алматы қаласында:** дүйсенбіден бейсенбіге дейін 13:00-ден 14:00-ге дейін.

Егер Сіз өтінішіңізді Visametric арқылы тапсырсаңыз, қосымша сұралған құжаттарды компанияның жұмыс уақытында тапсыруға болады. Төлқұжатыңыз беруге дайын болған кезде Визаметрик Сізге хабарлайды. Қосымша ақпаратты [осы жерде](#) жерден таба аласыз.

Төлқұжатты құжаттар тапсырылғаннан кейін алынған түбіртеккі көрсету арқылы беріледі. Егер де төлқұжатыңызды өзіңіз ала алмасаңыз, Сіз үшін Сіздің өкіліңіз түбіртегіңіз бен қолыңыз қойылған сенімхат арқылы ала алады. Сенімхатты нотариус арқылы куәландыруға қажеті жоқ. Сенімхаттың үлгісін өкілдіктердің сайтынан көруге болады.

Егер төлқұжатты оң шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кейін визаға берген болсаңыз, онда құжаттар әдетте қайта тексеріледі. Бұл жағдайда виза қайта тексеріліп болғаннан кейін беріледі.

**Германия дипломатиялық өкілдіктері Сізге сәт сапар және Германия Федеративтік Республикасында көңілді уақыт тілейді.**